

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Ормандағы оқиға

ЖАРИЯЛАНДЫ
31.01.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/28320/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Талбаева Гульназ Сансызбаевна

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға мәтін мазмұнын өмірмен байланыстыра отырып, түсіндіру. негізгі идеясын ашуға түсіндіру.

Дамытушылығы: Оқушылардың ой-өрісін, шығармашылық жұмыс жасау қабілетін дамыту.

Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Сөздік қорын молайту. Жүйелі байланыстыра сөйлеу дағдыларын дамыту.

Тәрбиелігі: Ағаштардың адамға тигізер пайдасын түсіндіре отырып, оқушыларды табиғатты қорғауға, адамгершілікке тәрбиелеу

Сабақ түрі: Аралас сабақ.

Сабақтың әдісі: Түсіндіру, сұрақ-жауап, топтық жұмыс, ой қозғау.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, слайдтар, Қ Жармағамбетов суреті

Пәнаралық байланыс: дүниетану, бейнелеу.

Сабақтың жүрісі: Ұйымдастыру.

Психологиялық дайындық

Оқушылар орындарынан тұрып бір-біріне жақсы тілектер айтады.

Бағдарлау-мотивациялық кезең

1. Өлең мазмұнын әңгімелету.
2. «Құстар біздің досымыз» тақырыбындағы шығарманы оқыту.

3. Қарлығаш туралы өлеңдерін оқыту.
4. Мәтін мазмұны бойынша салған суреттерін қорғау.
5. Ой қозғау. Орман көрінісі.

Экологиялық бағытта өсімдіктердің лас ауаны жұтып, таза ауа беретіндігі ағаштар құрылыс материалдар болатындығы, әр-түрлі жиһаздар жасалатындығы, қағаз жасалатындығы туралы түсінік беру.

Сондықтан орманды қорғау, таза ұстау, жас бұталарды кеспеу, үйлерінің жанына ағаш отырғызу керектігі жөнінде ұғым қалыптастыру

6. Сұрақтардан жауап алу.
7. Қандай ағаштардың түрлерін білетіндерін оқушылардан сұрап, оларды топтастырдық.
8. Картамен жұмыс

Картадан Қазақстанның орманды жерлерін анықтау.

Қайың – Қазақстанның солтүстік шығыс өңірінде

Қарағаш-солтүстік, солтүстік шығыс өңірлерінде өсетіндігі

Сексеуіл-Сырдария, Іле, Шу өзендерінің төменгі бойында тоғай болып өсетіндігі

Тобылғы-Тянь Шань, солтүстік шығыс оңтүстікте өсетіндігі

Шырша – Жоңғар Алатауы, Солтүстік Тянь-Шаньда өсетіндігі туралы түсінік беру.

9. Қайнекей Жармағамбетов туралы мәлімет.

Мәтін мазмұнын түсіндіру.

Оқулықпен жұмыс.

а/ тізбектетіп оқыту.

ә/ рөлге бөліп оқыту

10. Топпен жұмыс.

1-топ: Кейіпкерлерге мінездеме беру

2-топ Ағаш суреттерін салу

3-топ Оқиғаның шиеленісу себебін анықтау

4-топ Мәтін мазмұнын ашатын мақал айту

Ой-толғау.

Сұрақ-жауап әдісі арқылы

Адам көңіл-күйі бейнелейтін бетпердені мәтін кейіпкерлеріне сәйкестендіру.

Қарағаш-қабағын түйіп тұр.

Сексеуіл-жылап тұр

Тобылғы-күліп тұрады.

Қорытынды.

Үйге тапсырма: Мәтінді түсініп оқу.

Бағалау.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.